# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 38 (889) 25 қыркүйек 2025 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ҮНДЕУ




## «ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚАМҚОРЛАЙ ЖҮРЕЙІК!» АЙЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

**Құрметті қазақстандықтар!**

**1 қазан- Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі.**

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру.

Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

**«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі.**

**Құрметті солтүстікқазақстандықтар!**

Қарт адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету айлығы қарсаңында Сіздерден облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету жөніндегі қайырымдылық науқандарына қатысу сияқты қалыптасқан игі дәстүрді қолдауды, бүкіл өмірін еліміздің болашағына арнаған адамдарға құрмет көрсетуді сұраймыз.

Қарттарға, егде адамдарға қамқорлық жасау туралы еш уақытта ойымыздан шығармау керек.

Қарттар күнінде оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық жасау керек.

1 қазан мен 1 қараша аралығында барлық солтүстікқазақстандықтарды қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын қолдауға шақырамыз.

Сіздерге алдын ала алғыс айта отырып, қарттарды қолдау жөніндегі науқанға белсенді түрде ат салысады деп үміттенеміз.

**Ұйымдастыру комитеті.**

ОРАҚ - 2025

## ЕГІС АЛҚАПТАРЫНЫҢ 55% ЖИНАЛДЫ



**21 қыркүйек күні Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Мағжан Жұмабаев ауданына іссапармен келді. Сапар барысында облыс басшысы Советское ауылындағы «СК Агро 2050» ЖШС базасында салынып жатқан 3600 бас ірі қара малға арналған (І кезең – 800 бас) сүт-тауарлы ферманың құрылысымен танысты.**

Жалпы жоба құны - 8 млрд. теңге. Қазіргі кезде сүт-тауарлы ферма құрылысында 60 адам еңбек етуде. Жоба пайдалануға берілген кезде жаңа 40 жұмыс орны ашылмақ.

Бүгінгі таңда сиыр қорасы мен сауынды-сүт блогының құрылысы аяқталуда. «Westfalia Қазақстан» компаниясының 100 басқа арналған «Карусель» жабдығы мен сауын қондырғысын монтаждау жұмыстарын бастады.

- Ферманың жалпы аумағы 62 гектарды құрайды. Dairy Global компаниясымен голштин тұқымының 800 бас құнажынын жеткізуге келісім жасалды, 260 бастан тұратын бірінші партия қараша айының басында келеді. Биыл келетін сиырлар үшін шөп, пішендеме мен сүрлем дайындалып жатыр. Кәсіпорынның сүт өндіру қуаттылығы жылына 25200 тоннаны құрайтын болады. Жыл сайын біз мал басы мен кәсіпорын қуаттылығын арттыра беретін боламыз, - деді «СК Агро 2050» ЖШС директоры Николай Кляйн.

Жалғасы 2-бетте.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## ИНТЕРВЬЮЕРЛЕР ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН АРАЛАЙДЫ



*20 қыркүйекте Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша ұлттық ауыл шаруашылығы санағының екінші кезеңі офлайн форматта басталды (интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке аралауы).*

Бұл елдің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алу үшін 10-15 жылда бір рет жүргізілетін ауқымды статистикалық байқау.

Санақтың мақсаты - егістік алқаптары, мал шаруашылығы, техника, инфрақұрылым және ауыл шаруашылығының басқа аспектілері туралы ақпарат жинау.

Санақ деректері құпия болып табылады және тек статистикалық мақсаттарда қолданылады. Сандар респонденттер туралы ақпаратты ашпай-ақ жиынтық түрде жарияланады.

Санаққа қатысу барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері мен үй учаскелерінің иелері үшін міндетті болып табылады.

Онлайн сауалнаманың бірінші кезеңінде өз бетінше өтпеген үй шаруашылықтары планшеттерді пайдалана отырып, жеке барған кезде сұхбат алушылармен сұхбаттасады.

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша офлайн режимде 5 445 жеке қосалқы шаруашылықты (ЖҚШ) сұрау қажет болады, оның ішінде 4911-і ауылдық жерлерде және 534-і қалалық жерлерде іріктеп алынған.

Ол үшін 59 есеп учаскесі құрылды, планшеттерде оқудан өткен 13 адамнан тұратын интервьюерлер пулы дайындалды, интервьюерлердің ауылдар арасында күн сайын жүріп-тұруының маршруттық парақтары жасалды.

Слуцкая Ангелина Александровна, Бенецкая Наталья Александровна, Строева Елена Алексеевна, Жетпісбаева Гүлнар Елубайқызы, Демин Михаил Михайлович, Чешуйко Наталья Валерьевна, Гондарук Олеся Владимировна, Никитина Светлана Михайловна, Кобельская Лидия Александровна, Толькова Наталья Николаевна, Поздяева Валентина Николаевна, Оберемко Татьяна Сергеевна, Лауденшлейгер Яна Игоревна сынды интервьюерлер жұмыс істейді.

Ұлттық статистика бюросының интервьюерлерде арнайы киім формасы мен бейджі болады, маманның аты-жөнін sanaq.gov.kz сайты арқылы тексеруге болады.

Санаққа қатысқан кезде сұрақтарға ашық әрі шынайы жауап берулеріңізді сұраймыз – бұл деректер өңіріміздің және жалпы аграрлық саланың дамуына ықпал етеді.

Барлық жауап құпия сақталады, басқа мемлекеттік органдарға берілмейді!

Барлық сұрақ бойынша 1446 нөмірі арқылы байланыс-орталығына хабарласуға болады, жұмыс уақыты 9.00-ден 21.00-ге дейін, қоңырау шалу – тегін.

**Бақыт ОМАРОВА,**
**Мағжан Жұмабаев ауданы статистика басқармасының басшысы.**

ОРАҚ - 2025

# ЕГІС АЛҚАПТАРЫНЫҢ 55% ЖИНАЛДЫ







Жалғасы, басы 1-бетте.

Жоспар бойынша Қазақстандағы ең ірі ферманың алғашқы кезеңі биыл күзде аяқталады. Ал келесі жылы негізгі жұмыс мәресіне жетеді. Болашақта малдың санын 10 мың басқа дейін жеткізу жоспарланған.

Облыс әкімі, сондай-ақ аталған шаруашылықтың диқаншыларымен кездесіп, олардың еңбек жағдайларына қызығушылық танытып, өңірдің аграрлық секторын дамытуға қосқан үлесі үшін алғысын білдіріп, ұжымға кәсіби қызметінде табыс тіледі.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов алқап басында аудандағы астық жинау жұмыстарының барысы туралы айтты.

- Биылғы егіс алаңы - 419,2 мың га құрады, соның ішінде дәнді және дәнді бұршақты дақылдар - 330,3 мың га, майлы дақылдар - 60,9 мың га, жемшөптік дақылдар - 28,2 мың га.

Қазіргі таңда ауданда егін жинау науқаны қарқынды жүріп жатыр. Қазірдің өзінде 207,1 мың га дәнді дақыл бастырылды. Астық өнімділігі гектарына 19,3 центнерді құрап отыр. Шамамен 352 мың тоннадан астам астық жиналды. Майлы дақылдар бойынша 8,3 мың тонна өнім алынды, - деді Рахат Назымбекұлы.

Бүгінгі күні орақ науқанына 1128 трактор, 707 астық жинайтын комбайн (соның ішінде 373 өнімділігі жоғары техника), 545 дестелегіш (соның ішінде 19 бірлік – өздігінен жүретін), 295 жүк көлігі жұмылдырылған.

Атап өтер болсақ, биыл АШТӨ 6,5 млрд. теңге сомасына 212 жаңа техника сатып алған, соның ішінде 31 трактор, 5 егу кешені, 18 астық жинау комбайндары мен басқа да жабдықтар.

Жауапты кезеңде шаруашылықтар 6,1 мың тонна дизельдік отынмен қамтамасыз етілген. Одан қалды, дәнді дақылдарды кептіру үшін 838 тонна дизельдік отын мен 555 тонна газ бөлінген.

Жалпы аудан кәсіпорындары 588,6 тонна астық сақтауға қауқарлы. Мәселен, элеваторлар 338,6 мың тонна астық қабылдаса, аудан шаруашылықтарында 250 мың тонна дәнді дақыл сақтау қоймалары бар.

Аудан аумағында 36 астық кептіргіш бар, оның 30-ы дизельдік отынмен, 4-уі газбен және 2-уі сабанмен жағылып жұмыс істейді екен.

Мағжандық диқаншылар заманауи технологияларды да белсенді түрде енгізуде. Егіс алқаптарының 75 %-нда ауа райын бақылау жүйелері, топырақты талдауға арналған датчиктер мен жасанды интеллект элементтері қолданылып жатыр. Бұл жұмыстардың дәлдігін арттырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

- Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы мамандардың еңбек жағдайына ерекше көңіл бөлінуде. Техника жаңартылып, еңбек ету мен ауылды жерде өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасалуда. Жұмысшы мамандықтарды қолдау - біздің жұмысымыздың басым бағыттарының бірі. Сондықтан бәрімiздің алдымызда алтын дәнді уақытында әрі ысырапсыз жинап алу міндеті тұр. Барша ауыл еңбеккерлеріне жауапты науқанды сәтті аяқтап, мол табысқа кенелуді тілеймін, - деді өңір басшысы Ғауез Торсанұлы.

Шынында да ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жүйелі еңбегі мен мемлекет тарапынан көрсетілген айтарлықтай қолдаудың нәтижесінде орақ науқаны ұйымдасқан түрде әрі жоғары тиімділікпен өтуде.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

# 1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІМЕН!




**Құрметті ардагерлер, құрметті аға буын өкілдері!**

Сіздерді Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Президенті өз Жолдауында азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты мемлекеттің басты басымдығы болып табылатынын бірнеше рет атап өтті.

Ауданымыз үшін көп еңбек сіңірген, біздің дамуымыздың іргетасын қалағандарға да ерекше назар аударылды.

Сіздер - қоғамның рухани тінін қалыптастыратын дәстүрлерді, тарихты және құндылықтарды сақтаушыларсыз.

Сіздердің даналықтарыңыз бен еңбектеріңіздің арқасында Қазақстан тұрақтылыққа, әділеттілікке және әрбір азаматқа қамқорлыққа қол жеткізуде.

Мемлекет - қарт адамдардың өмірін жайлы етуге ұмтылады: зейнетақыны арттыру, әлеуметтік қорғау жүйесін жақсарту, кепілді қолдау - осының бәрі жүзеге асырылып жатқан нақты қадамдар.

Сіздерге мықты денсаулық, махаббат пен құрметке бөленулеріңізді, отбасыларыңыздың жылуын және жақындарыңыздың қолдауын тілеймін.

Күн сайын қуанышқа, жан тыныштығына және ертеңгі күнге деген сенімге толы болсын!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.**

ЕГІС АЛҚАБЫНДА

# АУДАН КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАРЫ ДИҚАНШЫЛАРҒА КОНЦЕРТ ҚОЙДЫ



***Аудандық Мәдениет үйінің және Сарытомар ауылдық Мәдениет үйінің Олжас Жамбылов, Лидия Бенц, Әйгерім Бейсеева, Назерке Айбекқызы, Қайрат Жамбай сынды көркемөнерпаздарынан құралған үгіт-бригада - «Қызылжар МТС Агро» ЖШС орақ науқаны жүріп жатқан алқаптарына барып, концерт қойды.***

Жауапты науқан барысында ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен кездескен әртістер түскі үзіліс кезінде комбайншылар мен механизаторлар үшін егін науқанына қолдау ретінде шағын концерт ұйымдастырды.

Алғыс сөздері, әсерлі әндер мен көңілді сахналық қойылымдар ауыл еңбеккерлеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, оларды жаңа еңбекке жігерлендіріп, шабыт берді.

Бұл шығармашылық сапар - Жер Анамен біте қайнасып еңбек етіп жүрген жандарға шынайы қолдау көрсетудің жарқын үлгісі болғаны анық.

Өз кезегінде «Қызылжар МТС Агро» ЖШС директоры диқаншылар атынан өнерпаздар ұжымына ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНБІЛІГІ – ИГІ ІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ

***Халықаралық қарттар күні қарсаңында 20 қыркүйекте Булаев қаласында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында жалпықалалық сенбілік өткізілді. Бұл игі шараға мекеме мен ұйым өкілдері, жастар және құрметті қариялар белсене қатысты.***



Бұл күні Булаев қаласының 20 зейнеткеріне нақты көмек көрсетіліп, үйлері мен аумақтары тазартылды: шөп шабу, қоршау орнату, шатыр жөндеу және басқа да тұрмыстық жұмыстар атқарылды.

Акцияға қатысушылар аға буын өкілдеріне арналған әр істі шынайы қамқорлықпен және құрметпен жүзеге асырды.

Барлық қатысқан адамдарға айтар алғысымыз шексіз. Тазалық - тек айналамызда ғана емес, жүрегімізде де болсын дейміз.

Қарттар мен көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық - бір реттік науқан емес, күнделікті ізгі әдетке айналсын!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ЖАҢА ІРІКТЕУ ФОРМАТЫ - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Қазақстанда Мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеудің жаңа тәртібі кезең-кезеңімен енгізілді. Енді барлық конкурстық рәсімдер "Е-қызмет" ашық цифрлық платформасы арқылы өтеді. Жаңа жүйе ашықтықты қамтамасыз етуге, артық бюрократияны болдырмауға және әрбір өтініш беруші үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бұған дейін мемлекеттік қызметке кіру кезінде үміткерлер көптеген қағаз құжаттарды жинап, мемлекеттік органдарға жеке өзі баруға мәжбүр болған. Бұл процесс көп уақытты алды. Енді барлық іріктеу процесі электронды форматқа ауыстырылды.

"Е-қызмет" платформасын енгізудің негізгі мақсаты - кадрларды іріктеу жүйесін объективті, қолжетімді және ыңғайлы ету. Цифрландыру адами фактордың ықпалын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетеді, сондай-ақ кандидаттардың да, кадрлық қызметтердің де уақыты мен ресурстарын үнемдейді.

Кандидаттарды іріктеу рәсімі бірнеше кезеңнен өтеді.

Бірінші кезеңде үміткер порталда тіркеледі eqyzmet.gov.kz және конкурсқа қатысуға өтінім береді. Жүйеде білімі, жұмыс өтілі және қолда бар біліктілігі туралы деректер көрсетілетін түйіндеме қалыптастыру қажет.

Әрі қарай, тестілеу жүргізіледі. Алдымен мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының Заңнамасын (Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заң, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заң, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) білуге тестілеуден өту қажет. Емтихандар бейнебақылау көмегімен онлайн режимінде өтеді, бұл бұзушылықтар мүмкіндігін болдырмайды.

Келесі кезең-жеке қасиеттерді бағалау. Тестілеу арқылы стресске төзімділік, жауапкершілік, бастамашылдық, командада жұмыс істеу және шешім қабылдау қабілеті анықталады.

Үміткерлерге ақпаратпен жұмыс істеу бойынша тапсырмалар — мәтіндерді, кестелер мен графиктерді талдау ұсынылады. Бұл деректерді жылдам шарлау және дұрыс шешім қабылдау қабілетін анықтау үшін қажет.

Соңғы кезең - бұл online тәртіпте өткізілетін сұхбат. Бұл үміткердің кәсіби мотивациясы мен қарым-қатынас дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша комиссия жеңімпаз туралы шешім қабылдайды. Жүйе хаттаманы автоматты түрде қалыптастыратынын және конкурсқа қатысушылардың барлығына хабарлама жіберетінін атап өту маңызды, бұл процесті барынша ашық етеді.

Сандық платформаны енгізудің бірқатар артықшылықтары бар. Ең алдымен, бұл елдің немесе әлемнің кез келген жерінен конкурстарға қатысу ыңғайлылығы. Жеке сапарлар мен қағаз құжаттарды жинау қажеттілігі алынып тасталды. Үміткерге Интернетке кіру және мемлекет игілігі үшін жұмыс істеуге деген ұмтылыс қажет.

Жаңа тәртіп жүйені әділ етеді: тесттер мен сұхбаттардың нәтижелері субъективті бағалау мүмкіндігін қоспағанда, жүйеде жазылады және сақталады.

Енді мемлекеттік органдар білікті кадрларды тезірек таба алады, ал өңір тұрғындары өзін-өзі жүзеге асыру үшін көбірек мүмкіндіктерге ие болады.

Жаңа іріктеу мемлекеттік қызметті әр азамат үшін ашық және қол жетімді етеді. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті барлық білдірушілерді мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге және елдің дамуына өз үлесін қосуға шақырады.

Мемлекеттік қызметке түсу мәселесі бойынша 8 (7152) 46-58-08 телефонына хабарласуға болады.

**Мадияр БАЛТАБАЕВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАУ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ІС–ШАРАЛАРЫ

2025 жылдың 1-жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті 24 тексеру жүргізіп, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзудың 481 фактісі анықталды. Бақылау іс-шаралары мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуын бағалауға бағытталды. Тексерулер аясында кадрлық процестермен қатар, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін іске асыру, тәртіптік жауапкершілік және заңда белгіленген өзге де рәсімдер мәселелері зерделенді.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасу бойынша конкурстарды өткізу барысында ескертулердің ең көп саны әлі де тіркелуде. Тексерулердің қорытындысы бойынша конкурстық рәсімдердің талаптарын сақтамаудың 60-тан астам фактісі анықталды. Анықталған бұзушылықтардың қатарында – кандидаттардың келісімі болған жағдайда әңгімелесу барысының бейнежазбаларын жарияламау, кандидаттардың эсселерін конкурстық комиссия мүшелерінің бағаламауы, конкурс туралы хабарландыруларда бекітілген біліктілік талаптарында көзделмеген мамандықтарды көрсету сияқты жайттар бар. Мұндай бұзушылықтар конкурстық процестің ашықтығын төмендетеді және мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік қағидатын сақтау қаупін туындатуы мүмкін.

Тексерулер барысында мемлекеттік қызметшілерді іссапарға жіберу кезінде оларға берілетін кепілдіктер мен өтемақылардың сақталуына ерекше назар аударылды. Тексерулердің қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындарын уақтылы төлемеудің 17 фактісі анықталды. Мәселен, Департаменттің профилактикалық бақылауы барысында облыстық мемлекеттік органдардың бірінде іссапар шығындарының 18 күнтізбелік күн өткеннен кейін өтелгені белгілі болды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде олардың әлеуметтік құқықтарының бұзылған фактілері анықталды. Тексерулердің қорытындысы бойынша демалыс ақысын уақтылы төлемеу бойынша 21 жағдай тіркелді. Сондай-ақ, Петропавл қаласындағы бір мемлекеттік органда жүргізілген тексеру барысында екі мемлекеттік қызметшіге ұзақтығы кемінде екі апта болатын жыл сайынғы еңбек демалысы берілмегені анықталды, бұл мемлекеттік қызмет туралы заңнама талаптарына қайшы келеді.

Анықталған бұзушылықтардың елеулі бөлігі әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарын рәсімдеуге қатысты. Мемлекеттік органдарда лауазымдық нұсқаулықтардың мазмұнына байланысты 40-тан астам бұзушылық тіркелген.

Атап айтқанда, негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттар ретінде күшін жойған нормативтік құқықтық актілер көрсетілген, қолданыстағы қағидаларда көзделмеген білімге қойылатын талаптар енгізілген, сондай-ақ бар болуына қарамастан бағынысты лауазымдардың тізімі көрсетілмеген. Аталған кемшіліктер лауазымдық нұсқаулықтардың құқықтық тұрғыдан жеткіліксіз әзірленгенін және оларды қалыптастырудың белгіленген стандарттарының сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаларының бірі – мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз білім алуы және қажетті құзыреттерін дамыту талаптары жиі бұзылады. Осылайша, белгіленген мерзімде біліктілігін арттырудан өтпеген 84 бұзушылық анықталды.

Жүргізілген тексерулер жекелеген мемлекеттік органдардың қызметінде жиі кездесетін бұзушылықтарды анықтап, тіркеуге ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдірудің басым



бағыттарын айқындауға да мүмкіндік берді. Анықталған кемшіліктер ұйымдастырушылық және құқықтық жұмыстың сапасын арттырудың, ішкі бақылауды нығайтудың, сондай-ақ белгіленген нормалар мен рәсімдерді сақтау үшін лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін күшейтудің қажеттігін көрсетеді.

Өз кезегінде, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы қолдану және ішкі кадр саясатын жетілдіру мәселелерінде өңірдің мемлекеттік органдарына қажетті практикалық және әдістемелік көмек көрсетуге дайын. Көрсетілген мәселелер бойынша 8 (7152) 46-06-81 телефонына хабарласуыңызға болады.

**Диана САЛГАРИНА,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

АУЫЛЫМ - АЛТЫН БЕСІГІМ

# ҚҰРАЛАЙ - «БАЙСАЛДЫ АУЫЛ» ЖОБАСЫНА ҚОСЫЛДЫ



*2022 жылдың басынан бастап Солтүстік Қазақстан облысында маңызды бастама – ауылдардың ішімдіктен өз еркімен бас тарту жобасы жүзеге асырылуда. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай елді мекендерде ауыр және аса ауыр қылмыстар тіркелмейді. Бүгінгі таңда облыстың бірқатар ауылдары денсаулықты, тәртіпті және салауатты өмір салтын таңдады.*

Бұл бастаманы алғашқылардың бірі болып қолдағандардың қатарында Тайынша ауданының Теңдік ауылы, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ковыльное ауылы, Айыртау ауданының Бірлестік және Қарайсай батыр ауылдары, Успенка ауылдық округінің Сулышоқ ауылы.

Жыл сайын «Байсалды ауылдардың» саны артып келе жатқаны қуантады.

Енді, міне, «Байсалды ауыл» жобасына Лебяжье ауылдық округінің Құралай ауылы қосылып отыр.

Бұл қаймағы бұзылмаған қазақи елді мекенде шын мәнінде белсенді әрі саналы тұрғындар өмір сүреді. Ата-бабадан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлері сақтап, ұлттық спорт пен қолөнерді дамытып, салауатты өмір салтын насихаттап жүрген жандар – жарқын болашаққа қадам басты.

Шекара шебінде орналасқан ауылдың үттіні түзу, тұрмысы оңтайлы. Ақсақалдар алқасының ұйытқы болуымен елді мекен тұрғындары біраууыздан «Байсалды ауыл» жобасын қолдады. Яғни халық алкагольді ішімдіктен жаппай бас тартты.

- Ежелден біздің ауыл үлгілі ауыл болатын. Шет жердегінің бәрі мақтайды. Халықтың 60-70 проценті темекі тартпайды. Арақ ішпейді. Мен сонысына қуанамын. Қазір ауылымыз көркейіп жатыр.

Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда ұрлық-қарлық тыйылған. Яғни біреудің ала жібін аттау атымен жоқ. Жастардың дені спортпен айналысады. Осылайша берекелі елдің берік байламы көз сүйсінтеді, - дейді ауыл ақсақалы Дәулетжан Бәкіров.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы Асан Мейрамовтың айтуынша, бұл ауылда тұрғындар мектепте, жеке шаруашылықта еңбек етіп, жастар спортпен шұғылданатындықтан түрлі бұзушылықтарға жол берілмей келеді.

200-ге тарта тұрғыны бар ауылда тойтомалақ тек қымыз-қымыранмен өтеді. Жаманнан сап тыйылған Құралайда соңғы жылдары оң өзгеріс көп.

- Осы жылы біздің ауданда екінші ауыл арақ ішуден бас тартып отырғанын айтқым келеді. 5 жылдың ішінде Құралай ауылында қылмыстық істер қозғалмаған. Бірде-бір есепте тұратын адамда жоқ, - деген дәлел келтірді ол.

Бүгінгі таңда ауылда әрбір үйдің ішіне су тартылған. Көше жарықпен 100 пайыз қамтылған. Интернетіміз бар. Қаладан Құралайға дейін күнде автобус жүріп жатыр.

- Ауыл тұрғындары төрт түлік өсіріп, мал шаруашылығымен айналысады. Ақ жаулықты әжелер құрт пен майын дайындап, қыз-келіншектерге ұлттық тағамдар әзірлеуге үйретеді. Ақсақалдар жастарға үлгі-өнегесін көрсетіп, ал жастар алған тәлім-тәрбиесін ұштастырып, ауылды көркейту бағытында жұмыс жасап келеді.

Құралай ауылында ұлттық спорт пен қолөнер жақсы дамыған. Оған мектеп ұжымы да зор қолдау көрсетеді. Көкпар, аударыспақ, бәйге, теңге ілу, қазақ күресі, бес асық, бестас сияқты қазақтың ұлттық спорт түрлерінен өнер көрсететін ауыл спортшылары аудан спартакиадасының бірнеше дүркін жеңімпазы атанып, облыстық жарыстарда да жүлделерге ие болып жүр.

Мұнда ауылды көркейтуге бағытталған абаттандыру, ағаш егу, сенбілікке шығу сынды ортақ істерді жасы да, кәрісі де бірлесіп атқаруды дәстүрге айналдырған, - дейді округ әкімі Шырайлым Омарова.

Құралай ауылы - өз отбасыларының келешегі мен туған ауылының өркендеуі үшін саналы түрде ішімдіктен бас тартып отыр.

Осы ретте полиция мен қоғам бірлесе ізгілікке бет бұрған ауылдар қатарын көбейтіп, қылмыссыз қоғам құру жұмыстары жалғаса бермек. Солтүстік өңірде жиырма шақты елді мекеннің халқы өздерін «арақсыз ауыл» деп жариялады. Бұл қатарға қосылуға ниетті ауылдар әлі де бар екеніне күмән жоқ.

ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТІЛЕРІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ

# АУДАН ҚҰРАМАСЫ - ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

**18-20 қыркүйек аралығында Қызылжар ауданы Бескөл ауылында дене шынықтыру дайындығының Президенттік тестілері бойынша Солтүстік Қазақстан облысының чемпионаты өтті. Жарысқа Петропавл қаласы мен облыс аудандарынан 9 команда қатысып, күштік гимнастика, орнынан ұзындыққа секіру, 60 метрге жүгіру, 1000 метрге жүгіру сияқты спорт түрлерінен сынға түсті.**



Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы дене шынықтырудың жоғары деңгейін, ұйымшылдық пен мақсаттылықты көрсете отырып, жалпы командалық есепте 1-ші орынды жеңіп алды.

Команданың жеңіске жетуіне үлес қосқан спортшыларды атап өтсек, әйелдер арасында 24-31 жас аралығында Алена Маймескулова, 32-39 жас аралығында Валентина Фадеева, 60 және одан жоғары жастағылар арасында Надежда Скрипникова жеңімпаз атанса, 50-59 жас аралығында Елена Середа 2-ші орынды, ал 40-49 жас аралығында Ольга Крайсвитняя 3-ші орынды иеленді.

Ерлер арасында 50-59 жас аралығында Евгений Кравченко күміс медальды жеңіп алса, 40-49 жас аралығында Анатолий Локшин мен 60 және одан жоғары жастағылар арасында Василий Подмогильный қола медальдарды қанағат тұтты.

Осы ретте Президенттік көпсайыс бойынша аудан құрама командасының басты өкілі ретінде спортшыларды жеңісті жолға бастап, әрдайым жарыс жолында болып, жеңіске жету үшін өзінің пайдалы ақыл-кеңестерімен бөліскен тәжірибелі бапкер Александр Павлович Тарабарингe айтар алғысымыз шексіз.

Сондай-ақ аудан намысын абыроймен қорғаған барлық спортшыларға ризалығымызды білдіріп, баршаңызға алдағы жарыстарда тек жеңіс пен сәттілік тілейміз!

**Қанат МҰСАТАЕВ,**
**аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ

# ҰЛТТЫҚ ТІЛДІ ТЕРЕҢ МЕҢГЕРГЕН КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА

Мағжан Жұмабаев – қазақтың кемеңгер ұлт ақыны. Ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбандыққа шалғандардың бірі. Мен ақынмын, көкте жүзуім керек демей, қазақты оятуға сөзбен ғана емес, іспен кіріскен. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») атты методикалық сипатты кітабы ақынның көзі тірісінде екі мәрте жарық көрген. Бірі – 1922 жылы Орынборда, бірі – 1923 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан болатын. Осы кітабында тілдің орнын «Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған орны» бөлімінде былай көрсеткен болатын.

Тіл - адам жанының тілмашы. Тілсіз, жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды. Қысқасы, адамның толық мағынамен адам аталуы тіл арқасында.




Тіл әрбір адамға қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, бір есе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдіре көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең. Тілі де бай.

Ерлік,елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың –
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілім, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кең – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! –

деп ана тілінің сақталуын көрсете алады.

Біз де ақынның пікірін қуаттай отыра, қолдай отыра ана тілімізді біз сақтасақ, ана тіліміз бізді сақтайды. Ана тіліміз – ата-бабамыздан келе жатқан баға жетпес мұра, халқымыздың қазынасы деп біле отыра ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, құрметтеуге тиіспіз, ағайын. Ең жақсы адам ана тілін дәріптеп, құрметтеген адам деп санаймын.

**Айгүл ТЕҢДІКҚЫЗЫ,**
**Мағжан Жұмабаев музейі филиалының директоры.**

ДАРЫНДЫ ҰРПАҚ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

# Талабы таудай Дидар

***Қоғамның қозғаушы күші білімді де белсенді жастар екені даусыз. Егемен еліміздің ертеңі осындай жастардың қолында. Бүгінгі таңда ел болашағына сеніммен қарайтын жаңа буын өкілдері білім мен тәрбие, ғылым мен шығармашылық, еріктілік пен азаматтық белсенділік сияқты көптеген салада өздерін жан-жақты дамытып келеді. Солардың арасынан озық шыққан, ерекше білім мен жігер иелерін танытатын маңызды алаңдардың бірі – «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық байқауы. Бұл – еліміздің әр түкпіріндегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқып жүрген талантты студенттердің жетістігін дәріптейтін беделді жоба.***




Осындай байқауда жеңіске жету тек жеке жетістік емес, бүкіл өңір үшін мақтаныш десек, артық етпес. Биыл бұл мәртебеге ие болған жастардың қатарында Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылынан шыққан Дидар Аймұқан да бар. Ол білімге құштарлығы мен көшбасшылық қабілетінің арқасында республикалық деңгейде үздіктер қатарынан көрінді.

Ол 2006 жылдың 12 мамырында дүниеге келген. Сарытомар орта мектебін тамамдаған Дидар – Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледждің түлегі. Аталмыш оқу орнын «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген.

«Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық байқауы жыл сайын сәуір айында өткізіледі. Мақсаты – еліміздің білім беру жүйесіндегі ең үздік, жан-жақты дамыған студенттерді анықтап, олардың оқу жетістіктері мен қоғамдық белсенділігін елге таныту, насихаттау.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезең колледжішілік іріктеу, мұнда студенттің академиялық үлгерімі, ғылыми-шығармашылық жетістіктері, ері тілік қызметі, жобалық жұмыстары мен көшбасшылық қабілеттері бағаланады. Одан кейін облыстық деңгейде үздіктер анықталып, республикалық кезеңге жолдама алады. Үздік жүздікке енген жастардың тізімі арнайы жинаққа енгізіліп, Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Дидар Аймұқан осы байқаудың барлық кезеңдерінен сүрінбей өтіп, үздік жастардың қатарынан көрінді. Бұл– оның жан-жақтылығы мен тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Қазіргі таңда жас маман колледждің өзін-өзі басқару ұйымының президенті қызметін атқарып келеді. Оқытушылар, студенттер мен жастар ұйымдары арасында алтын көпір бола отырып, оқу ордасының қоғамдық өміріне тың серпін қосып жүр. Сонымен қатар Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы жанындағы «Ассамблея жастары» ұйымы төрағасының орынбасары.

Кейіпкеріміз – еріктілер қозғалысына да белсене араласып жүр. Әсіресе өткен жылы су тасқыны кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдында Солтүстік Қазақстандағы жағдайды баяндау жауапкершілігін өз мойнына алып, үлкен сенімді ақтады.

– Білім мен өнер – рухани байлықтың негізі. Өз ісімді, таңдаған мамандығымды шын жүректен сүйемін. Елімнің дамуына титтей болса да үлес қосу – мен үшін үлкен мәртебе, – дейді Дидар Аймұқан.

Жас болса да талабы таудай кейіпкеріміздің жетістігі – бүгінгі жас буынның мүмкіндіктері шексіз екенінінің дәлелі. Ауылдан түлеп ұшып, республикалық деңгейдегі жарыста топ жару еңбекке деген адалдық пен ұмтылыстың жемісі.




**Ләзиза МЫРЗАНТАЙҚЫЗЫ,**
**«Soltüstık Qazaqstan».**

МЕНІҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН

# ҚАЗАҚСТАН ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ – ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ҚАЛҚАНЫ



**Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – ел егемендігінің басты нышаны әрі ұлттық қауіпсіздіктің негізгі кепілі. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып келе жатқан орган – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі.**

Шекарашылардың негізгі міндеті – мемлекеттің аумақтық тұтастығын қорғау, шекаралық тәртіпті сақтау және Қазақстан халқының тыныштығын қамтамасыз ету. Мемлекеттік шекара арқылы заңсыз көші-қонға, қару-жарақ пен есірткінің әкелінуіне, контрабандалық әрекеттерге жол бермеу – қызметтің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Шекара қызметінің құрылымына құрлықтағы жасақтар, теңіз шекара бөлімдері, авиациялық және арнайы мақсаттағы бөлімшелер кіреді. Бөлімдер заманауи қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықталған. Бұл кең байтақ Қазақстан шекарасының сенімді күзетілуіне мүмкіндік береді.

Әскери қызметтің ерекшелігі – тәулік бойғы қырағылық, табандылық пен ерлікке дайын болуды талап етеді. Әскери антына адал шекарашылар мемлекет пен халық алдындағы борышын абыроймен атқарып келеді.

Қазақстан сегіз мемлекетпен шектеседі, мемлекеттік шекараның ұзындығы 15 мың шақырымнан асады. Осындай ауқымды аумақты күзету – зор жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті қажет ететін міндет. Шекара қызметінің қажырлы еңбегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, еліміздің халықаралық беделін нығайтуға да үлес қосып отыр.

Шекарашылар – Қазақстан тәуелсіздігі мен егемендігінің қалқаны. Олардың ерлігі мен адалдығы – халқымыздың бейбіт өмірі мен тұрақты дамуының берік кепілі.

**Бекболат БЕКТАЙ,**
**«Қасқат» шекара заставасы бастығының ТИЖ жөніндегі орынбасары, лейтенант.**

# ЗЕЙНОЛЛА ОЛЖАБАЙҰЛЫ ОЛЖАБАЕВ



2025 жылғы 23 қыркүйекте 95 жасында Солтүстік Қазақстан облысы мен Мағжан Жұмабаев ауданның құрметті азаматы, еңбек ардагері, зерттеуші, жазушы, «Уақ шежіресі» кітабының авторы Зейнолла Олжабайұлы Олжабаев дүниеден өтті.

Зейнолла Олжабайұлы ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығында жұмыс істеді, құрметті азамат, әріптестері мен жерлестері арасында лайықты беделге ие болды. Ол зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып, туған өлкесінің тарихын зерттеуге үлес қосты. Оның бастамасымен Булаев қаласындағы № 1 мектеп-гимназияға Батыр Баян есімі берілді. Оның еңбектері жастарды патриоттық тәрбиелеу үшін маңызды.

Еңбек және қоғамдық қызметі үшін «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін», «Құрмет белгісі», медальдарымен марапатталған.

Зейнолла Олжабайұлы ауданда үлкен беделге және лайықты құрметке ие болды.

Мағжан Жұмабаев ауданы үшін бұл орны толмас қайғы, туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтамыз.

**Р.Н. Смағұлов**
**О.Ш. Сағындықов,**
**А.Н. Рахметова,**
**М.Ө. Нағайбаев,**
**Ғ.К. Жалби,**
**А.Қ. Мейрамов,**
**Қ.Т. Сматов,**
**Ж.С. Баймолдин,**
**А.Д. Дабылбекұлы**
**Н.Б. Мелдебеков,**
**А.С. Шәріпов,**
**Д.С. Тасмағанбетов,**
**А.С. Қазисов.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ АРНАЙЫ ЖЕҢІЛДІКТЕР

***ҚР Қарулы Күштерінің әскери қызметіне кіретін ҚР азаматтары үшін әлеуметтік және арнайы жеңілдіктер қарастырылған.***



Атап айтқанда, кепілдендірілген әлеуметтік жеңілдіктер алу (тұрғын үй, медицина, зейнетақы), кәсіптік білім мен мамандық алу мүмкіндігі, көшбасшылық қасиеттер мен дене шынықтыруды дамыту, сондай-ақ күш құрылымдарына және мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу кезінде әлеуметтік және мансаптық артықшылықтар.

**Мерзімді қызмет үшін**

* Дене дамуы: дене шынықтыруды жетілдіру, мінезі мен ерік-жігерін шыңдау.
* Тәртіп және өзін-өзі дамыту: өмірлік дағдыларды игеру, тәртіп пен өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру.
* Кәсіби дайындық: әскери есеп мамандығын алу, бұл одан әрі азаматтық өмірде пайдалы болуы мүмкін.
* Әлеуметтік жеңілдіктер: қызмет көрсету уақытына кредиттерді уақытша тоқтату, жұмыс орнын сақтау және қызметтен кейін жеңілдікті шарттармен ЖОО-ға түсу мүмкіндігі.
* Жағдайдың өзгеруі: жаңа тәжірибе алу, жаңа адамдармен танысу мүмкіндігі.

**Келісімшарт бойынша қызмет үшін**

* Тұрақтылық және қамтамасыз ету: кепілдендірілген жалақы, тамақтану, киім-кешек, медициналық көмек және тұрғын үй.
* Зейнетақы: азаматтық мамандармен салыстырғанда ерте жаста зейнетке шығу мүмкіндігі.
* Мансаптық өсу және білім беру: бірегей кәсіптік білім алу және күш құрылымдарында мансапты одан әрі дамыту мүмкіндігі.
* Жоғары әлеуметтік мәртебе: болашаққа деген сенімділікті, бай кәсіби тәжірибені және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету.

**Жалпы артықшылықтар**

* Патриотизм: мемлекетке қызмет ету, Отанды қорғау және бейбітшілікті сақтау.
* Әлеуметтік қолдау: мемлекет әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне жеңілдіктер мен қолдау көрсетіледі.

# МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қатарындағы мерзімді әскери қызметке шақырылушыларды іріктеу басталды

2025 жылғы 1 қыркүйек - 10 қазан аралығында мерзімді әскери қызметке көктемгі шақырылым аясында ҚР МКҚ өкілдері барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда үміткерлерді таңдау және зерделеу жүргізеді.

Үміткерлерге келесі талаптар қойылады: жасы 18-27 арасында, бойы 180 см-ден төмен емес, орта мектеп, колледж немесе университет бітірген, денсаулығы жақсы. Жоғары білімді, спорттық жетістіктері мен разряды бар шақырылушыларға басымдық беріледі.

ҚР МКҚ қатарына өткен шақырылушылар мерзімді қызметін Астана және Алматы қалаларындағы 0112 және 0111 әскери бөлімдерінде атқарады.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметі қатарында мерзімді қызмет сарбаздары Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қорғау, рәсімдік және протоколдық іс-шараларға қатысу, ҚР Мемлекеттік Туы мен ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы эталондарын күзету секілді айрықша міндеттерді атқарады.

ҚР МКҚ әскери бөлімдерінде мерзімді қызмет атқару барысында жас сарбаздар тәжірибелі нұсқаушылық құрамның жетекшілігімен әскери іске үйренеді, жауынгерлік және арнайы даярлық сабақтарында әскери мамандықтарды меңгереді.

ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздарының әрі қарай кадрлық тұрғыдан өсуге мүмкіндігі бар. Мерзімді қызмет аяқталған соң олар өз қалауы бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастыра алады, одан әрі арнаулы мемлекеттік органның қызметкері және офицері болып, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді атқара алады.

ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздары үшін Қазақстан Республикасында мерзімді әскери қызмет атқарған азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша белгіленген барлық жеңілдіктер қолданылады.

Сұрақтар бойынша +7 775 650 5606 телефонына Жарылғасын Жүсіповке хабарласуға болады.

**Мағжан Жұмабаев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім.**










# ХАБАРЛАМА

**№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына сайлау бойынша 2025 жылғы 24 қыркүйекте округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.**

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104 бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

- Сматов Қайнолла Тоқаұлы, 1964 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, «AMANAT» Партиясы» ҚБ Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының жауапты хатшысы, «AMANAT» Партиясы» ҚБ-нің мүшесі, «AMANAT» Партиясы» ҚБ ұсынылған.

**№ 10 округтік сайлау комиссиясы.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ИТТЕРДІ СЕРУЕНДЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңын іске асыруға қатысты төмендегілер хабарлайды.

Қаңғыбас иттердің көбею себептерінің бірі - тұрғындардың үй жануарларын ұстау және серуендеу ережелерін сақтамауы. Көбінесе, иттер өздігінен қараусыз қаңғырып жүреді және осылайша халыққа, әсіресе, балаларға қауіп төндіреді. Қаңғыбас иттер мәселесі жануарлар санын ізгілікпен реттеуді де, иелерінің жауапкершілігін арттыруды да қамтитын кешенді жүйелі тәсілді қажет етеді.

1) ит - қоғамдық орындарда 2 (екі) метрден аспайтын қарғыбауда болуы керек;

2) тұмылдырық - итке оны тасымалдау кезінде, адамдар көп жиналатын жерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, мекемелер белгілеген орындарда кигізіледі;

3) магистральдар маңындағы көшелер арқылы өту кезінде жол-көлік оқиғаларын және жолдың жүріс бөлігінде оның қаза табуын болдырмау үшін үй жануарлары 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауға алынады;

4) иесі - итті иесінің осы ғимараттың ішінде болған уақытына ғимараттың жанында еркті түрде шешілуін болдырмайтын байламда және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбаумен тұмылдырықта қалдыра алады;

5) иттерді серуендетуге тыйым салынған жерлерде ит иесі немесе жауапты адам айналасындағыларға қауіп төндірмей, тұмылдырықпен және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауда итпен аумақты кесіп өтуіне болады;

6) иттерді еркін серуендетуге арнайы бөлінген аумақтарда, аланда иттерді еркін серуендетуге жол беріледі.

**Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі.**

ТІЛДЕР АПТАЛЫҒЫ

# ТІЛДЕР ФЕСТИВАЛІ – БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ!



19 қыркүйек күні Медвежка орта мектебінде тілдер апталығының аяқталуына орай, аудандық деңгейде мерекелік фестиваль ұйымдастырылды.

Аталмыш іс-шараға Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының, Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің, №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінің, Медвежка орта мектебінің мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Сахнада қазақтың даңқты ақындарының тіл мен мәдениетті қастерлеуге үндеген жыр жолдары жаңғырды. Оқушылар Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін шабытпен мәнерлеп оқып, ұстаздар болса ақын әндерін мақтанышпен орындап берді.

Сондай-ақ балалар әртүрлі ұлттардың биін билеп, көпұлтты мәдениетіміздің байлығын паш етті. Ұлттық мұраның байлығын және бірліктің әр алуандығын көрсете білген өнерпаздар көрерменнің қошеметіне бөленді.

Фестиваль соңында баршаға ортақ рух беретін «Атамекен» әні шырқалып, жиналғандар патриоттық сезімге бөленді. Мереке қатысушылар жүректерінде мақтаныш пен шабыт сезімін қалдырып, жоғары эмоционалды нотада аяқталды.

Тіл мәдениеті мен ұлтаралық келісімді дамытуға қосқан үлесі үшін барлық қатысушыларға, педагогтар мен ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз!

**Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.**

БАЙҚАУ

# «Мен жастарға сенемін»

Тілдер күніне орай аудан мектептерінде Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық мұрасына арналған «Мен жастарға сенемін» атты мәнерлеп оқу байқауы болып өтті. Байқауға 27 мектеп қатысып, 2-11-ші сынып оқитын оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

Аудандық байқаудың қорытындысы бойынша нәтижелер төмендегідей болды:

**2–6 сынып оқушылары арасында**

1 орын – Дерябина Доминика («Еңбекшіқазақ орталау мектебі»),

Бектұрғанова Диана, 6 сынып («Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы»).

2 орын – Рамазанова Аружан, 6 сынып («Еңбекші қазақ орталау мектебі»);

Нұрали Ару, 4 сынып («Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі»);

Ерназарова Маргарита, 5 сынып («Еңбекші қазақ орталау мектебі»);

Мордясов Евгений, 4-сынып («Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы»).

3 орын – Шәкенова Аймира, 5 сынып («Қызыл Қазақстан орталау мектебі»);

Қуандыққызы Альмира, 2 сынып («Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп»);

Бақытжан Жансезім («Октябрьское орта мектебі»);

Кочерыжкин Александр, 6 сынып («Успенка негізгі мектебі»).

Зайцев Николай, 4 сынып («Чистов орта мектебі»)

Попп Энтони, 6 сынып («№2 Булаев жалпы білім беретін мектеп»).

**7–11 сынып оқушылары арасында**

1 орын – Қайратқызы Қарақат, 7 сынып («Сартомар орта мектебі»);

Михеева Нелли, 9 сынып («Ұзынкөл орта мектебі»).

2 орын – Қарагизов Ілияс, 8 сынып («Бинаш орталау мектебі»);

Қайратқызы Қазына («Сартомар орта мектебі»);

Ибраева Фериде, 10 сынып («Қарағанды орта мектебі»).

Есембек Жания, 10 сынып («Совет орта мектебі»)

Ақмұрат Алтынай, 7 сынып («Фурманов орта мектебі»).

3 орын – Ахметова Диана, 7 сынып («Қарақоға орта мектебі»);

Әділбекұлы Әділхан, 9 сынып («Қызыл Қазақстан орта мектебі»);

Бұл байқау оқушылардың жоғары дайындық деңгейін, тілге деген сүйіспеншілігін және ұлы ақын шығармашылығына деген құрметін айқын көрсетті.

**Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.**





Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті
редакцияда терілін беттелді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл к., Кошуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 600

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады